

Ақырет күніне иман

الإيمان باليوم الآخر

<Қазақ тілі – Kazakh - كازاخي >



Islamhouse.com



Иманның бесінші шарты: Ақырет күніне иман

Ақырет күні – адамдар қабірлерінен тұрып, мына фәни дүниеде істеген амалдары үшін Аллаһ Тағалаға жауап беретін күн. Ол күні Аллаһ Тағаланың жарылқауына лайық болғандар жәннатқа барып, Аллаһ Тағаланың азабына лайық болғандар тозаққа душар болады.

Аллаһ Тағала айтады:

«Адамдардың арасын бөлетін сауап пен жаза берілетін Қиямет күні белгілі бір мерзім. Сұр үрілген күні топ-топ болы келесіндер. Көктер мен ондағы есіктер ашылады. Таулар орындарынан қозғалып, олар сағым сияқты жеңіл болады. Әлбетте тозақ күтіп тұрады. Ол азғындардың (кәпірлердің) барар жері. Кәпірлер оған кіргізіліп онда ғасырларша тұрады. Олар онда салқындамайды, сусын таппайды. Бірақ қайнап тұрған су мен тозақылардың жараларынан аққан іріңді ішеді. Бұл азғындардың күпірліктеріне сай бір жаза. Өйткені олар Қиямет күні болатындығына сенбей, есепке тартылуды ойламаған еді. Аяттарымызды мүлде жалғанға шығарған еді», *Нәбә сүресі, 17-28 аяттар.*

«Ол күні Рух (Жәбраил ғ.с) және періштелер тізіліп тұрады. Аллаһ Тағаланың рұқсатынсыз ешкім сөйлемейді, әрі сөйлесе дұрыс (яғни, мұминдер мен періштелер шапағат ету сөзін) ғана сөйлейді. Сол Қиямет күні болуы ақиқат. Ендеше кім қаласа, Раббысына бой ұсынып, Оның азабынан аман болу жолын тұтсын. Ей, (Мекке) кәпірлері! Негізінде Біз сендерге жақын болған Қиямет күні қатты азап болатынын ескерттік. Ол күні әрбір кісі екі қолы не істегеніне қарайды. Сол уақытта кәпір Аллаһ Тағаланың кәпірлерге дайындаған тозақты көріп: «Әттең. Топырақ болып кетсем еді!» - дейді», *Нәбә сүресі, 38-40 аяттар.*

Құран Кәрімнің өзінде, көп орында, Аллаһ Тағалаға иман келтіру әмірімен бірге Ақырет күніне иман келтіру талабы қатар келеді. Сондай-ақ, Аллаһ Тағаланың Өзі көп нәрсенің болуына Қиямет күнімен ант етуімен бірге, Пайғамбарды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) да соған бұйырған. Осының барлығы Аллаһ Тағалаға

иман келтірумен қатар, Ақырет күніне иман келтірудің маңыздылығын көрсетеді.

Дүниеде адамдар екі топқа бөлінеді.

Біріншісі: Ақырет күніне иман келтірмейтіндер. Бұлар бір күнмен өмір сүреді. Бір күн дегеніміз: тек осы дүние тіршілігі үшін әрекет ету. Бұл жағдай кімді болса да түйіксіздікке алып барады. Нәтижесінде ол мал дүниенің, әуезқойлықтың құлы болып, халал мен харамды айырмайды. Адам бойындағы жеке басының мүддесін басқа адамдардың мүддесінен, қоғамдық мүддеден артық санау, қара бастың қамын ойлаушылық, өзімшілдік (эгоизм) принципі – Ақырет күніне деген имансыздықтың белгісі. Мен мұсылманмын деп құдайы жасап, кейін біреудің көзжасын ағызып, пара алуымен, халықтың дүниесімен шалқып өмір сүріп жатқанда арамызда қаншама. Осылардың «мен мұсылманмын» деген сөздерінің мәнісі бар ма? Халал мен харамды айырмау дегеніміз осы.

Егер осылар Ақырет күні болатындығына сенсе, сөзсіз, әр бір сөзі мен амалы үшін қатты сұрақ болатындығынан қорқып, көп жаман істен тыйылар еді. Негізінде мұсылманшылық құр сөзбен емес, Аллаһ Тағаланың сөзі – Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне амал етумен болады.

Аллаһ Тағала айтады:

«Мүмін ер, мүмін әйелдерді жазықсыз кейіткендер жала жабуымен өздеріне күнә жүктеп алады.», Ахзаб сүресі, 58 аят.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтады:

«Мұсылмандарға тілі және қолымен жамандық қылмаған адам – ақиқат мұсылман!», хадисті Абдуллаһ ибн Әмрден (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари және Имам Муслим риуаят етті.

Ең қорқыныштысы, біреудің ақысын жеуді адал іс деп білгендердің, өз балаларын соған үйретуі. «Сәті түссе алып жеп қал, шамаң жетсе керегінді тартып ал» - деген сөз неткен жаман сөз. Бөрі

қораға түссе, оның табиғаты, жаратылысы сондай. Біз бөрі емес, адамбыз ғой.

Екінші топ: Ақырет күні болатындығына сенушілер. Бұларға қатысты Аллаһ Тағала айтады:

«Әлиф. Ләм. Мим. Міне осы Құран Кәрім Аллаһ Тағаланың жанынан екеніне күмән жоқ. Ол тақуалар үшін тура жол. Олар көмеске (жәннат және тозақтың барлығына) иман келтіріп, намазды толық орындайды. Берген несібемізді Аллаһ Тағала әмір еткен жолға жұмсайды. Мұхаммад! Оларға Саған түсірілген қасиетті Құран Кәрім мен Сенен бұрын түсірілген Таурат, Забур, Инжил Аллаһ Тағаладан түсірілгеніне сенеді және Ақыретке иман келтіреді. Міне осылар Раббыларың нұсқаған тура жолында болушылар және тозақтан құтылушылар», Бақара сүресі, 1-5 аяттар.

Бұл аяттар арқылы Аллаһ Тағала мүминдердің сипаттарын білдіреді. Мүмін деген сөздің өзі тіл саласында – бір нәрсеге сенуші деген мағынаны, ал дін саласында – шын жүректен иман келтіруші деген ұғымды білдіреді. Міне төменде мүминдердің бес сипаты келтірілген:

1. Олар көмеске, яғни, көрмесе де жәннат пен тозақтың барлығына сенеді;
2. Намаз оқиды;
3. Мал-дүниесін дін жолына жұмсайды;
4. Кітаптарға;
5. Ақырет күніне шын жүректен иман келтіреді.

Ақырет күніне иман келтірудің мәнісі неде?

«Ей, Мухаммад үмметі! Сендерге және Аллаһ Тағаланың сауабынан үміттеніп, Ақырет күнінің жазасынан қорыққандар үшін Ибраһим ғ.с. және оған ергендерде көркем өнеге бар», Мумтахина сүресі, 6 аят.

Демек, Ақырет күніне иман келтірудің мәнісі – ізгілікке ұмтылып, жамандықтан тыйылу.

Ізгілікке ұмтылу дегеніміз – шыншыл болу, мұқтажға қамқорлық жасау, халқына, қоғамға адал қызмет ету.

Жамандықтан тыйылу – жалған сөйлему, екіжүзді болмау, біреудің ақысын жемеу, адамдарға қастық қылмау.

Күмән жоқ, Ақырет күніне шын жүректен иман келтіруші ізгілікке ұмтылып, жамандықтан тыйылады. Ал, жүрегінде ақиқат иман болмай, құр тілмен айтқанын, амалы да соған сәйкес болады. Халықтың: «Молданың айтқанын істе де, істегенін істеме!» - деген сөз осыларға қатысты айылған.

Расында, қазіргі уақытта дінді кәсіп етіп жүргендер баршылық. Басында сәлде, қолында тәспі. Бұндайлардың бар білетіні құдайы тіленіп, жаназа анду, қате оқыған Құран үшін аз ақша берсе ренжіп, жаназадан кілем түспесе наразылану. Бұл «бизнесмен» дүмшіл молданың өзіне-өзі парыз етіп алғаны. Негізінде мұсылман үшін Аллаһ Тағалаға иман келтіріп, намаз оқу, Ақыретте болатын жауапты ойлап жақсылық істеу парыз. «Батамен ел көгерер» - деген халықтың даналық сөзі бар. Дәл осы күні шарифатқа сәйкес амалы жоқ, құдайы мен жаназаны кәсіп еткен, жүрегін дүние билеген «ғұламалардың» дұғасымен халықтың тура жол табатындығына өзім сенбеймін.

Адамдардың арасында: «Молдалар: «Күнә істемендер, Ақырет күні болатын Аллаһ Тағаланың жазасынан қорқындар.» - деп алып, өздері пара алады, арақ ішеді, ойнастық жасап, құмар ойнайды. Молданың өзі осындай болса, қоя бер. Сендердің дін дегендерің осы ма?» - дейтіндер көп.

Бұл шын мәнінде дұрыс пікір емес. Біз бір нәрсені дұрыс түсінгеніміз жөн. Күнәні дін емес, адам қылады. Күнәһардың пендешілігін дінмен байланыстыру дұрыс емес, себебі дін адамға жалған сөйле, екіжүзді бол, біреуге қиянат қыл демейді. Демек, діннің өзі таза, кемшілік адамның өзінде. Ал, Ақыретте әркім тек өз ісі үшін ғана жауап береді.

Дін нені бұйырады?

«Ей, мүміндер. Күнәларыңнан қайтып Аллаһ Тағалаға тәубе қылыңдар. Сонда күнәларыңнан тазарып, азаптан құтыласыңдар», *Нұр сүресі, 31 аят.*

«Ей, мүміндер. Аллаһ Тағаланың жазасынан қорқыңдар да дұрыс сөз сөйлеңдер (яғни, жалғаншы болмандар). Сонда Аллаһ Тағала істеріңді оңалтып, күнәларыңды жарылқайды!», *Ахзаб сүресі, 70-71 аяттар.*

«Раббымыз – Аллаһ Тағала» - деп, Аллаһ Тағалаға мойсұнып адал болғандарға Ақырет күні қауіп-қатер жоқ. Олар Ақырет күні өкінбейді. Міне осылар жәннаттық. Амалдарының нәтижесі бойынша олар онда мәңгі қалады», *Ахқаф сүресі, 13-14 аяттар.*

«Жақсылықта жарысыңдар! Қайда болсаңдар да Аллаһ Тағала Ақырет күні, істеген амалдарың үшін жазаларыңды беру үшін жинайды. Аллаһ Тағаланың әр нәрсеге күші толық жетеді!», *Аль-Бақара сүресі, 148 аят.*

«Қияметте жер сілкініп қозғалып, ішіндегі қазыналар мен адамдарды шығарған сәтте. (Қайта тірілгендер): «Бұған не болды?» - деген сәтте. Сол күні жер адамның жақсы, жаман амалын айтады. Раббыңның жерге білдіруімен. Сол күні адамдар амалдарының нәтижесін көрулері үшін жәннат немесе тозаққа кіретін топ-топ болып келеді. Сонда кім тозанның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол соның жақсы нәтижесін көреді. Ал, кім тозанның түйірінің салмағындай жамандық істеген болса, соның нәтижесін көреді», *Зилзала сүресі.*

Аллаһ Тағала адам баласына ақыл беріп, тіршіліктегі көп нәрсенің сыры мен мәнісін түсінетін етіп жаратқан. Дүниеде бізді сондай жоғары мәртебеге жеткізген Аллаһ Тағала. Осыдан кейін бізді Ақырет күнінде қайта тірілетініне сенбей төрт аяқты хайуандарға ұксап қалуымыз бізге жараса ма?

Сананың қадірін түсінбей, ақылын теріс бағытта қолданған адам түбінде Аллаһ Тағаланың емес, тәкаппарлықпен нәпсінің құлы болады. Жоқтан бар етуші Жаратушысын есінен шығарып, тек дүние табу қамына беріліп, қайта тірілуіне сенбейді.

Сол себепті күнәға да оңай барады, Аллаһ Тағаланың құдіреттілігіне дәлел болған айналадағы әлемнің ғажап қозғалысына көз салып, ой жүгіртпейді.

«Кәпірлер: «Біз өліп, топырақ болып қайта тірілеміз бе? Бұл нәрсе ақылға сыймайды!» - дейді.», *Қаф сүресі, 3 аят.*

«Қайта тірілуіне сенбейтіндер: «Тірі болуымыз осы дүниеде ғана. Өлеміз де өмір сүреміз (яғни, біреуіміз өлсек, екінші біреу дүниеге келеді). Бізді уақыттың өтуі ғана өлтіреді» - дейді. Негізінде олардың бұл айтқандарына нақты дәлелдері жоқ. Олардікі жобалау ғана», *Жәсия сүресі, 24 аят.*

«Әрі олар: «Біз сүйек және қоқым болған кезде, басқа бір жаратылыс болып тірілеміз бе?» - дейді. Мұхаммад! Оларға: «Тас немесе темір болындар, тіпті ойларындағы ең зор жаратылыс болындар, бәрібір қайта тірілесіндер!» - де. Сонда олар: «Бізді кім тірілтеді?» - дейді. «Сендерді әуелгі рет жоқтан бар еткен Аллаһ Тағала» - де. Сонда олар танданып, Сені мазақ етіп: «Қайта тірілу қашан?» - дейді. «Жақын арада» - де», *Исра сүресі, 49-51 аяттар.*

Расында, Аллаһ Тағаланың даналығына шек жоқ. Әр заманда болған кәпірлердің бір-біріне ұқсастығы Қиямет күнін жоққа шығару болғанындай, сөздерінде де айырмашылық болмайды. Осының барлығы олардың Аллаһ Тағаланың құдіреттілігіне деген күмәннің нәтижесі.

Әрбір ақыл-иесі дұрыс пенде өзінің әуелгіде жоқ болып, кейін дүниеге келгенін мойындайды. Ешбір адам: «Ата-анам өзін-өзі жаратқандай мен де өзімді-өзім жараттым» - дей алмайды.

Бір ана, бір әкеден дені сау, көзі көр немесе мылқау сәбилер дүниеге келіп жатыр. Барлық нәрсені өз қалауына бағындырушы Аллаһ Тағаланың барлығына сенбейді екен, Сол ата-ана баласының көзін көретін етіп, мылқау баласын сөйлетіп алмай ма?

Дүниеде қанша адам ұрпақ көрмей армандап кетті. Аллаһ Тағаланың жарылқауына мұқтаж емес екенбіз, барлығымыз жабылып: «Ұрпағы жоқтың ұлы немесе қызы болсын» - деп, неге адам өміріндегі ең үлкен бақытқа өзімізше, Аллаһ Тағаланың қалауынсыз себепші бола бермейміз? Аллаһ Тағала қаламаса болмаймыз. Себебі, біз жаратушы

емеспіз, жаратылған нәрсеміз. Ал жаратылған нәрсе жарылқаушы құдай бола алмайды. Ақиқат жарылқаушы да, құдай болушы да Аллаһ Тағала.

Енді ойланып көріңіз. Жоқтан бар етуші Аллаһ Тағала үшін бар болған нәрсеге жан беруі қиын болыпты ма?

«Адам баласы оны бір тамшы судан жаратқанымызды көрмей ме? Сонда да ол ашық қиқарлық істейді. Ол өз жаратылысын ұмытып, Бізге басқаны теңейді. «Шіріген сүйекті кім тірілтеді?» - дейді. Мухаммад: «Оны жоқтан бар етіп жаратқан Аллаһ Тағала тірілтеді. Ол барлық жаратылысты Білуші!» - де», *Ясин сүресі, 77-79 аяттар.*

«Көк пен жерді жаратқан Алаһ Тағала адам сияқтыны жаратуға күші жетпей ме? Әлбетте, күші жетеді. Ол әр нәрсені Жаратушы, барлық нәрсені Білуші. Шын мәнінде Ол бір істің болуын қаласа, Оның бұйырығы оған: «Бол!» - деу, сонда ол бола қалады. Барлық нәрсенің билігі қолында болған әрі сендер Ақыретте алдына қайтарылатын Аллаһ Тағала кемшіліктен пәк», *Ясин сүресі, 81-83 аяттар.*

«Адам баласы ешбір заңға бағынбай бос қоя берілеміз деп ойлай ма? Ол жатырға тамызылған бір тамшы емес пе? Сосын ол ұйыған тамшы болды. Кейін Аллаһ Тағала одан адамды жаратып бейнеледі. Аллаһ Тағала бір тамшыдан ер, әйел етіп екі жыныс жаратты. Осыны жасаған Аллаһ Тағаланың өліктерді тірілтуге күші жетпей ме?», *Қиямет сүресі, 36-40 аяттар.*

«Мұхаммад! Сен жердің құрағанын көресің. Сонда Біз оған жаңбыр жаудырған мезгілде құлпырып, көктеуі Қиямет күні болатындығына Аллаһ Тағаланың дәлелдерінен. Күдіксіз құраған жерді тірілткен Аллаһ Тағала өліктерді де тірілтеді. Өйткені Оның күші әр нәрсеге жетеді», *Фуссилат сүресі, 39 аят.*

Ойланған адам үшін, осы айтылғанда адам баласы өлгеннен кейін қайта тірілетініне өте үлкен дәлел бар. Ол құрамы бірдей жаңбыр суынан түсі, иісі, түрі әр-түрлі өсімдіктердің өсіп-өнуі.

«Мен: «Я, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)! Аллаһ Тағала өлген адамдарды қалай тірілтеді?

Аллаһ Тағаланың жаратқанында қайта тірілудің қандай белгісі бар?» - деп сұрағанымда, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Сен бірде ешбір өсімдігі болмай, кейін көк басып жайнаған жермен өткен боларсың?» - деді.

- Иә.

- Дәл осылай Аллаһ Тағала адамдарды да қайта тірілтеді. Аллаһ Тағаланың жаратқанында қайта тірілудің белгісі осы», *хадисті Имам Ахмад, Имам Әбу Дәуід, Имам ибн Маджаһ риуаят етті.*

Ақырет күні болу уақыты

Аллаһ Тағала Қиямет күні болатындығын Кітаптары және Елшілері арқылы баян етті. Мақсат – адамдардың о дүние туралы ойланып, қылған амалдары арқылы Аллаһ Тағаланың ризалығы мен сауабын үміт ету.

Бұл мәселе дүниедегі барлық ізгі амалдардың негізі болуы себебінен Құран Кәрім оған ерекше мән берген. Бүкіл адамзат Ақырет күніне сенсе, тіршілігімізде жақсылық көбейіп, жамандық аз болар еді.

Бірақ барлық уақытта адамзат бойында Жаратушысына, дінге деген махаббаттан көрі, осы дүниеге қызығушылық басым болып келеді.

Адамдардың көбісі қайта тірілуге күмәнданып, Қиямет күні болатындығына сенбеуінің негізгі себептері:

1. Ол Қиямет күніне сенгеннен бір қажеті өтелмейді немесе одан бір пайда көрмейді (дүниесі көбейгеннің үстіне көбеюі тұрғысынан).
2. Қайта тірілу – түсіну қиын болған іс. Адамдар мәйіттердің денелері шіріп, топыраққа араласып кеткенін көрген. Енді қалайша жерге сіңіп кеткен дене мүшелері қайта пайда болады?!
3. Осы уақытқа дейін бірде-бір денесі шіріп жоқ болып кеткен мәйіт қайта тіріліп, әуелгідей өмір сүріп кетпеді.

Бірақ Аллаһ Тағала айтады:

«Көк және жердегі нәрселер Аллаһ Тағала билігінде. Жамандық істегендер, істегендерімен жазаланады да жақсылық істегендер жақсылыққа бөленеді», *Наджм сүресі, 31 аят.*

«Аллаһ Тағала адамдарды жоқтан бар етіп, олар өлгеннен кейін қайта тірілтеді. Бұл нәрсе Оған оңай», *Рум сүресі, 27 аят.*

Адам баласы айналасындағы жақсылық пен жамандық, парасаттылық пен надандық, шыншылдық пен екіжүзділік арасында болып жатқан күрестің куәсі.

Рас, көп жағдайда жамандық басым болып шығады. Әрі жақсылық жамандықтан басым болмағанын немесе жамандыққа өзіне лайықты жазасы берілмегендігін көріп адам баласы қиналады.

Алайда, ең әділ үкім етуші Аллаһ Тағала бұ дүниеде болмаса да, о дүниеде барша ізгіліктің сауабы мен жамандықтың жазасы берілетіндігіне кепіл.

Құран Кәрімде көп айтылған Қиямет күні қорқыныш халіне түскен адам қайта қашып, қайта тығылсам екен деп өзіне пана іздейді. Бірақ ол күні Аллаһ Тағаладан басқа пана да, қамқоршы да болмайды.

Міне сол күні әрбір адам өзінің қылған амалдары үшін жауап береді. Ол күні ешқандай өкініш қабыл етілмейді. Сол уақытта әрбір кемсітілген, нашар болып әділетсіздікке ұшыраған пенде өз ақысын зорлық пен үстемдік қылушылардан толығымен алады.

Ал сол күн қашан болады?

«Мухаммад! Олар Сенен Қияметтің қашан болатындығын сұрайды. Оларға: «Оның мәліметі Раббымның қасында. Оның болу мезгілін Ол ғана біледі. Көктер мен жердегі ауыр жағдай (Қиямет күні) сендерге кенеттен-ақ келеді.» - де. Олар сенен Қиямет күні қашан болатынын зерттеп отырғандай сұрайды. Мухаммад! «Расында оның білімі Аллаһ Тағаланың қасында» - де. Бірақ адамдардың көбі бұны білмейді», *Азраф сүресі, 187 аят.*

Бұл аяттан мынадай тұжырым жасасақ болады.

1. Қиямет күні қашан болатынын Аллаһ Тағаладан басқа ешкім білмейді.

2. Қиямет күні кенеттен басталады.

Жәбраил (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Қияметтің басталуы жайлы сұраған уақытта, Пайғамбарымыздың Өзі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Сұралушы Қияметтің басталуы туралы сұраушыдан артық білмейді»** - деп жауап берген. Хадисті Имам Муслим риуаят етті.

Аллаһ Тағала әр нәрсенің шегі мен тәртібін, яғни, шарифатты белгілеп қойған. Белгіленген шек пен тәртіп тіршілігіміздегі біз үшін болып жатқан емтихан.

Аллаһ Тағала кез келгенімізді: «Осы пендем Құранда айтылғанды ұстанар ма екен, әлде басқа нәрсеге сүенер ме екен?» - деп сынауы мүмкін. Осы нәрсе дұрыс түсініп, әрдайым есте сақтағанымыз жөн. Себебі көп жағдайда кейбір адамдар Құран Кәрімде айтылғанға қанағаттанбай, кейде тіпті онда айтылғанды менсінбеу нәтижесінде куфр немесе ширк амалына душар болып жатады.

Мысалы, Қиямет күні туралы мәселені алайық. Құранда: «Қиямет күні пәленше жылы, пәленше ай, күні» - деген сөз жоқ. Демек, Қиямет күні болуына қатісті: «Ақырет күні басталуы Аллаһ Тағаланың қалауында» - деумен шектелуіміз қажет.

Қиямет күні жақындаудың белгілері

Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланың әміріне сәйкес Ақырет күні басталуын нақты уақытын айтпағанымен, оның белгілерін хадистерінде айтып өткен. Жалпы, Қиямет күні жақындауының белгілері Кіші және Үлкен болып екі түрге бөлінеді.

Қиямет күні жақындауының кіші белгілері

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Мен Пайғамбар етіліп жіберілдім, енді Қиямет күнінің болуы мына екі саусақтың арасындай!»** - деп, **сұқ және ортаң саусақтарын көрсеткен.**» Хадисті Имам Бұхари, Имам Муслим, Имам Тирмизи риуаят етті.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Мен Пайғамбар етіліп жіберілдім, енді Қиямет күнінің болуы мына екі саусақтың арасындай!»** - деп екі саусағын көрсетуі: «Мен

пайғамбар етіліп жіберілдім, енді Қиямет күні басталуына өте аз уақыт қалды, адамзат Қиямет күні қарсаңында тұр» - деген мағынаны білдіреді.

«Кейін Жәбраил (оған Аллаһтың сәлемі болсын): «Маған Қиямет күнінің басталу уақытын айтшы» - деді. Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Сұралушы Қияметтің басталуы туралы сұраушыдан артық білмейді» - деп жауап берді.

- **Ондай болса маған оның белгілерін айт.**
- **Күң өзінің ханшайымын туады. Әрі жалаң аяқ, жалаңаш малшылардың ғимараттарды салуда жарысқанын көресің»,** хадисті Омар ибн Хаттабан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари, Имам Муслим риуаят етті.

Бұл хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Күң өзінің ханшайымын туады» - дегені: «Қиямет күн жақындағанда баланың ата-анаға деген құрметі жоғалып, ата-ана перзентіне емес, ұл-қызы әке-шешесіне нұсқау беріп, билік жүргізетін болады» - деген сөз. *Фатхуль-Бари, 1 том, 101 бет, Ибн Хажар.*

Қазіргі күні тек бұл емес, қартайған шағында ата-анасын қарттар үйіне апарып тастау, үйіне бастығы келсе шал әкесі мен кемпір анасынан намыстанып, оларды бөлек үйге қамап қою сияқты надандықтың түрлерін болады. Себебі, астында «креслосы» бар бастығы үйіне келгенде, онымен дастархандас болып қарт ата-анасының бірі отырғаны намыс көрінеді. Бұдан өткен көргенсіздік бар ма?

««Жалаң аяқ, жалаңаш малшылардың ғимараттарды салуда жарысуы» - малы көптігінің арқасында билікке қол жеткізген дала тұрғындары зорлық-зомбылықпен билік жүргізіп, бар байлығын ел-жұртының игілігі үшін емес, өздерінің қарақан бастарына пайдаланып биік ғимараттар көтеріп, соны басқалардың алдарында мақтаныш етуі», *Фатхуль-Бари, 1 том, 101 бет, Ибн Хажар.*

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

«Ғылым жойылып (яғни, руханият білімі), надандық белгіленеді. Зинақорлық етек алып, арақ көп ішіледі. Бірақ ерге елу әйел келетін күн туып, әйелдер саны көбейіп, ерлер саны азаяды. Әлбетте осының барлығы Қиямет күні болуының

шарттарынан» - деген. Хадисті Анас ибн Маликтен (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари риуаят етті.

Қиямет күні жақындауының үлкен белгілері

Хузейфадан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят:

«Біз жиналып Қиямет күнін еске алып отырғанымызда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «Сендер не мәселені талқылап отырсындар?» - деді.

- **Қиямет күнін еске алып отырмыз.**
- **Сендер он белгіні көрмей Қиямет күні болмайды», Сахих Муслим, Науауи шархы, 18 том, 27 бет.**

Хадисте айтылған он белгі Қиямет күні жақындауының үлкен белгілеріне жатады.

Қиямет күні жақындауының кіші белгілерін үш топқа бөлсек болады.

1. Болып біткен.
2. Болып жатқан.
3. Енді болатын.

Қиямет күні жақындауының үлкен белгілерінің кіші белгілерінен ерекшелігі:

1. Осы уақытқа дейін үлкен белгілердің ешбірі болмады.
2. Болған жағдайда толассыз, яғни, бірінен соң бірі болады.

Өлім және өлімнен кейінгі жағдай

Қиямет күніне иман келтіру шарты өзіне төмендегідей салаларды қамтиды:

1. Өлім және өлімнен кейінгі жағдай;
2. Қабір сұрағы;

3. Қабір рахаты мен азабы;
4. Қайта тіріліп жауап беру үшін жиналу;
5. Істеген амал үшін есеп беру;
6. Жақсы-жаман амалдардың таразыға өлшенуі;
7. Сырат көпірінен өту;
8. Жәннат пен тозақ.

Осының ішінде өлім және өлімнен кейінгі жағдайға қатысты Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде айтылғанды ақиқат деп мойындауды – өлімге иман келтіру десе де болады.

Өлімге иман келтіру төрт негізден тұрады.

Біріншісі: Өлім әрбір мақұлықтың тағдырында белгіленіп, міндетті түрде болатын нәрсе.

«Біз сендерді босқа жараттық та, тіпті Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсындар ма?», Мүмін сүресі, 115 аят.

«Әрбір жан иесі өлімді татады. Сосын Біз жаққа қайтарыласындар», Ғанкабут сүресі, 57 аят.

«Аллаһпен бірге басқа құдай шақырма (яғни, Аллаһ Тағаладан басқаға құлшылық қылма). Одан басқа құдай жоқ. Оның Өзінен басқа әр нәрсе жоқ болады. Үкім ету Оған тән. Сондай-ақ, жауап беру үшін Оған қайтарыласындар», Қасас сүресі, 88 аят.

Екіншісі: Әр нәрсенің өмір сүру мерзімі нақты белгіленген. Әрбір мақұлықтың жан тапсыру уақыты мен себебін Аллаһ Тағала Өз білімі мен қалауына қамтиды.

«Аллаһ Тағаланың белгілеген тағдыры болмайынша ешкім өлмейді, ол жазылуы бір мерзім (яғни, белгіленген уақыттан бұрын не кейін болмайды). Кім тек осы дүниенің пайдасын ойласа, оған оны береміз. Ал кім Ақырет пайдасын қаласа (яғни, Ақыретте болатын сауаптан үміттеніп жақсылық қылса), оған одан береміз», Әли Ғимран сүресі, 145 аят.

«Әр қауымның белгілі бір мерзімі бар. Олар, сол мерзім келген сәтте, бір дем кешікпейді және ілгерілмейді», Ағраф сүресі, 34 аят.

Үшіншісі: Әр мақұлықтың жан тапсыру уақыты, орыны мен себебін Аллаһ Тағаладан басқа ешкім білмейді.

«Әрине Қиямет болу уақытының мәліметі Аллаһ Тағаланың қасында. Ол Өзі белгілеген уақытта жаңбыр жаудырып, ана құрсағындағындағы ұрықтың ұл немесе қыз болатынын біледі. Ешкім ертең не істейтінін және қай жерде жан тапсыратынын білмейді. Күдіксіз Аллаһ Тағала барлық нәрсені Білуші, хабар Алушы», *Луқман сүресі, 34 аят.*

Төртіншісі: Әр пенденің жан тапсыруы қылған амалына лайық болады.

«Аллаһ Тағала сендерге қорғаушы періштелерді жібереді. Біреулеріне өлім келген сәтте, Біз жіберген жан алушы періштелеріміз оның жанын алып, әмірімізге кемістік етпейді», *Анғам сүресі, 61 аят.*

«Жан жұтқыншаққа келген сәтте сендер өлім халінде жатқанға қарап қаласыңдар. Негізінде Біз оған сендерден жақынырақпыз. Бірақ сендер оны білмейсіңдер», *Уақиға сүресі, 83-85 аяттар.*

Пайғамбарымыз Мұхаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтады:

«Жан тәсілім уақытында мүмін пендеге аспаннан ақ жүздері күндей жарқыраған періштелер түсіріледі. Оларда жәннаттің кебіні мен жәннаттің хош иісті заты болады. Періштелер мүмін пендеден назар салғанда көз көретін жерде отырады. Кейін өлім періштесі келеді де мүміннің бас жағына отырып: «Ей, Аллаһ Тағаланың ризалығына лайық болған жан. Аллаһ Тағаланың ризалығы мен жарылқауына қарай шық!» - дейді. Сол уақытта мүмін пенденің жаны торсық ауызынан тамшы аққандай жеңіл шығады.

Өлім періштесі, мүміннің жанын қолында ұзақ ұстамай, лезде жәннат кебініне орап, хош иісті затқа салады. Одан жер бетіндегі ең хош иісті мисктің иісіндей иіс шығады. Осыдан кейін періштелер мүміннің жанымен жоғарыға көтеріледі», *Хадисті Бара ибн Ғазиптен (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари және Имам Ахмад риуаят етті.*

Сондай-ақ Имам Ахмад Абу Һурейрадан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят еткен хадисінде былай делінген:

«Мәйітке періштелер келеді де, мәйіт жақсы адам болса: «(Сөзбе-сөз) Ей, жақсы денеде болған ізгі жан, шыққын. Денеден

мақтауға лайық болып шығып, қуаныш пен амандыққа және Раббыңның Өзіне разы болғанына қуан» - дейді. Осы сөз жан денеден шығып біткенше айтылады.

Кейін періштелер онымен бірге аспанға көтеріліп, көктің қақпасы ашылуын өтінеді. Сонда іштен: «Бұл кім?» - делінеді. «Пәленшенің жаны» - деп жауап берілгеннен кейін: «Жақсы денеде болған ізгі жан, қош келіпсіз. Мақтауға лайық болып кіріп, қуаныш пен амандыққа және Раббыңыз өзіңізге разы болуына қуаныңыз» - делінеді». Ибн Касир Мухтасар Тәфсірі. 1 том. 584-585 бет. 3 том. 440-441 беттер. Бейрут 1981 жыл.

«Дүние аспанына жеткенше мүміннің жанын алып, жоғарыға көтеріліп бара жатқан періштелер басқа періштелердің қасымен өтеді. Сол уақытта олар: «Бұл жақсы жан кім?» - деп сұрағанда, мүміннің жанын жоғарыға көтеріп бара жатқан періштелер: «Пәленше ұлы пәленше» - деп дүниедегі ең әдемі есімдермен атап таныстырады.

Аспанның жетінші қабатына жеткенше, әр аспан періштелері мүміннің жаны өз аспанынан өткенше келесі аспанға дейін осылайша шығарып салады. Аспанның жетінші қабатына жеткенде Аллаһ Тағала: «Бұл пендемнің амал кітабін ең жоғарыға жазындар да бұл мүмін пендемнің жанын жерге қайтарындар. Себебі, Мен адамдарды топырақтан жаратып, топыраққа қайтарамын. Сондай-ақ келесіде оларды сол жерден қайта тірілтіп шығарамын», Хадисті аль-Барра ибн Ғазиптен (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари риуаят етті.

«Жан тәсілім уақытында кәпірге аспаннан жүздері қара періштелер түседі. Оларда кенептен тігілген кебін болады. Періштелер кәпірден, назар салғанда көз көретін жерде отырады. Кейін жан алушы періштесі келіп, кәпірдің бас жағына отырып: «Ей, Аллаһ Тағаланың азабына лайық болған жан, Аллаһ Тағаланың қаһары мен азабына қарай шық» - дейді.

Сол уақытта кәпірдің жаны суланған жүннен жан жағында тікенектері бар ширатылған темір шанышқы жұлынып алынғандай шығады. Өлім періштесі кәпірдің жанын қолында ұзақ ұстамай, лезде кенептен тігілген кебінге салады. Одан жер бетіндегі ең жағымсыз иістей иіс шығады. Осыдан кейін

періштелер онымен жоғарыға көтеріледі», Хадисті аль-Барра ибн Ғазиптен (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари риуаят етті.

«Дүние аспанына жеткенше кәпірдің жанын алып жоғарыға көтеріліп бара жатқан періштелер басқа періштелердің қасынан өтеді. Сол уақытта олар: «Бұл сұрқия жан кім?» - деп сұрағанда, кәпірдің жанын жоғарыға көтеріп бара жатқан періштелер: «Пәленше ұлы пәленше» - деп, дүниедегі ең жаман есімдермен атам таныстырады.», Хадисті аль-Барра ибн Ғазиптен (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари риуаят етті.

«Періштелер кәпірдің жанын алып дүние аспанына көтеріліп, көктің қақпасының ашылуын өтінеді. Сондай ішінен: «Бұл кім?» - делінеді. «Пәленше (яғни, пәленшенің жаны)» - деп жауап берілгеннен кейін: «Жаман денеде болған сұрқия жанды қош көрмейміз. Масқаралануға лайық болған түрде кері қайт. Себебі, сен үшін аспан есіктері ашылмайды» - делінеді де, кәпірдің жаны жерге түсіріліп, қабірге қайтарылады.», Хадисті Әбу Һурейрадан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Ахмад риуаят етті.

Қабір сұрағы және қабір азабы мен рахаты

«Аллаһ Тағала түнде сендерді өлідей ұйықтатады (яғни, рухтарыңды денелеріңнен алады)», *Әнғам сүресі, 60 аят.*

Аллаһ Тағаланың бұл сөзіне түсініктеме беріп Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Әр бір адамда періште бар. Адам ұйықтағанда ол оның жанын (рухын) алып, кейін оянғанда қайтарады» - деген», Хадисті Абдулла ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етті. Ибн Касир Мұхтасар Тәфсірі. 1 том. 548 бет. Бейрут 1981 жыл.

Бұл аят пен хадисте айтылған нәрсе – өлім, дәлірек айтқанда өлімнің кіші түрі. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде ұйқыны «өлімнің бауыры» деп айтқан жері бар. Демек, өлімнің екі түрі болады екен.

Біріншісі: Кіші өлім, яғни, ұйқы;

Екіншісі: Үлкен немесе ақиқат өлім. Ол адамның жан тапсырып, о дүниелік болуы.

Өлімнің екі түрі болғанындай, Қиямет те:

Біріншісі: Кіші Қиямет;

Екіншісі: Үлкен Қиямет, деп екі түрге бөлінеді.

Бұған дәлел Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадисі:

«Арабтардан бір топ кісі Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келіп, Ол кісіден: «Қиямет қашан болады?» - деп сұрады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) олардың араларындағы ең жасына қарап: «Бұл өмір сүріп, қартаймай тұрып сендер үшін қиямет басталады» - деді.», Хадисті Айша (оған Аллаһ разы болсын) анамыздан Имам Бұхари және Имам Муслим риуаят етті.

Қиямет күні сұрақ-жауап болатынын ескерсек, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде адам баласының қабірдегі жағдайын Қияметке теңестіру себебі анық болады.

Қабірге қойылған адам баласына ең алдымен: «Раббың кім? Дінің не? Пайғамбарың кім?» - деп сұрақ беріледі.

Жан алатын періште адам жанын алып аспанға көтерілгеннен кейін, Аллаһ Тағала рухтың денеге қайтарылуын бұйырады.

«Аспанның жетінші қабатына жеткенше, әр аспан періштелері мүміннің жанын өз аспаннан келесі аспанға дейін шығарып салады. Аспанның жетінші қабатына жеткенде Аллаһ Тағала айтады: «Бұл пендемнің кітабын ең жоғарыға жазыңдар да бұл мүміннің пендемнің жанын жерге қайтарыңдар. Себебі, Мен адамдарды топырақтан жаратып, топыраққа қайтарамын. Сондай-ақ келесіде оларды сол топырақтан қайта тірілтіп шығарамын», Хадисті Барра ибн Ғазиптен (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари риуаят етті.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтады:

«Мүміннің рухы денесіне қайтарылады. Кейін екі періште келіп, оны отырғызып: «Раббың кім?» - деп сұрайды. Мүмін: «Раббым Аллаһ Тағала!» - дейді.

- Дінің не?
- Дінім – Ислам.
- Сендерге жіберілген адам кім?
- Ол Аллаһтың Елшісі.
- Сен қандай амал істедің?

- Мен Аллаһ Тағаланың Кітабын (яғни, Құран Кәрімді) оқып, оған иман келтіріп, онда айтылғанмен амал еттім.

Сол уақытта көктен: «Пендем рас айтты. Оған жәннаттан төсек жайындар, жәннаттің киімін киіндіріп, жәннаттің есігін ашындар!» - деген дауыс келеді.

Кейін мүмінге жәннаттің хош иісі келіп, қабірі көз жетерліктей шалғайлыққа кеңейеді.

Мүміннің жанына жүзі сұлу, киімі әдемі, өзінен хош иісі мүңкіген адам келіп: «Мен сені қуантатын нәрсемен сүйіншілеймін. Бұл саған уәде етілген күн!» - дейді. Мүмін одан: «Жүзің жақсылық келудің нышаны ұялаған сен кімсің?» - деп сұрағанда, ол: «Мен сенің ізгі амалыңмын!» - деп жауап береді.

Сол уақытта мүмін: «Я, Раббым! Қиямет күні болуын тездете гөр, Қиямет күні болуын тездете гөр!» - дейді», хадисті Барра ибн Ғазиптен (оған Аллаһ разы болсын) Имам Ахмад риуаят етті.

«Кәпірдің жаны денесіне қайтарылады. Кейін оған екі періште келіп, жанына отырып: «Раббың кім!» - деп сұрайды. Кәпір бар болғаны: «А –аа, а-аа, білмеймін» - дейді.

- Дінің не?
- А –аа, а-аа, білмеймін
- Сендерге жіберілген адам кім?
- А –аа, а-аа, білмеймін

Сол уақытта көктен: «Пендем жалған айтты. Оған оттан төсек жайып, тозаққа қарай есік ашындар!» - деген дауыс естіледі.

Кейін кәпірге тозақтың қызуы мен ыстық желі келіп қабір дуалдары бірі-біріне айқасып кіргендей дәрежеде қысылады.

Кәпірдің жанына жүзі ұсқынсыз, киімі жаман, иісі жағымсыз адам келіп: «Мен сені өкіндіретін нәрсемен сүйіншілеймін. Бұл саған уәде етілген күн!» - дейді. Кәпір одан: «Жүзінде қасіреттің нышаны таңбаланған сен кімсің?» - деп сұрағанда, ол: «Мен сенің жексұрын қылық-амалдарыңмын!» - деп жауап береді.

Сол кезде кәпір: «Я, Раббым! Қиямет күнін бодырмашы!» - дейді», хадисті Барра ибн Ғазиптен (оған Аллаһ разы болсын) Имам Ахмад риуаят етті.

«Мәйітке: Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туралы не білесің?» - делінеді. Сонда мүмін немесе муқин (имандылығында күмән болмаған): «Мухаммад (оған Аллаһтың

салауаты мен сәлемі болсын) – Аллаһтың Елшісі. Ол бізге айқын дәлелдер және тура жолға бастауымен келді. Біз оның үндеуіне жауап беріп, Оған ердік. Ол Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)!» - деп жауап береді.

Осылайша үш рет сұрақ-жауап болады. Кейін оған: «Игілікте ұйықта. Сенің Оған кәміл иман келтіргенінді білдік!» - делінеді.

Ал мұнафық пен муртаб (Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығында күмәнданушы): «Білмеймін. Адамдар бірдеңені айтқанын естіп, мен де әйтеуір соны қайталайтын едім» - дейді», хадисті Асматтан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари және Имам Муслим риуаят етті.

Қабірдегі сұрақ-жауап біткеннен кейін, мәйіт дүниеде қылған амалына қарай қабірдің рахатын немесе азабын көре бастайды. Аллаһ Тағала айтады:

«Аллаһ Тағала иман келтіргендерді тіршілігінде де, Ақыретте де мықты сөзбен(яғни, ля иляха илля Ллах сөзі) бекітеді. Сондай-ақ Аллаһ Тағала залымдарды адастырады», *Ибрахим сүресі, 27 аят.*

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтады: **«Адамдар ниетке қарай ескеріліп, әр кісіге ниетіне қарай беріледі» - деген**, хадисті Омар ибн Хаттабтан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари және Имам Муслим риуаят етті.

Мектептегі жас өспірімнің оқудағы негізгі мақсаты тапсырмасын орындап, жақсы баға алу. Есейген шақтағы 15-16 жастағы оқушы дүниетанымы мен қабілетіне қарай мектеп қабырғасынан шығып жұмыс істеуді немесе белгілі бір оқу орнында білім алуды қалайды. Екі жағдайда да мектеп оқушысы тұтқан мақсатына қарай әрекет етіп, ізденіске түседі.

Дүние тіршілігінде де әр бір адам өзінің тұтқан мақсатына қарай әрекет етеді. Осы жағдайда адам баласының пейілі мен ниеті өте маңызды қызмет атқарады.

Мысалы, пейілі адал, ниеті дұрыс болған адам айналасындағыларға зиянын тигізбейді, қиянат қылмайды.

Өзімшілдікке түсіп, қандай жолмен болмасын қызмет сатысында көтеріліп, жалғандық пен қиянат арқылы болса да, әйтеуір дүние табуды көздеген адам жағымпаздық пен зұлымдыққа, жалғандық пен жарамсақтыққа барары анық.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):
«Амалдар ниетке қарай ескеріледі» дегені осы.

Аллаһ Тағала әрбір істің нәтижесін пенденің ниетіне қалай береді. Пенденің ниеті ізгілік пен Жаратушысының ризалығын табу болса, Аллаһ Тағала ондай пенденің жүрегін Ислам үшін ашып, иман сәулесімен нұрландырады. Халал мен харамның парқына көзін жеткізіп, жақсылыққа бейімдеп, жамандыққа барудан сақтайды. Бұндай пенде жалаң сөзбен емес, іс жүзінде мұсылман болып, «Альхамдулилляхи, мен мұсылманмын» деген сөзі іс-әрекетімен қайшылыққа түспейді. Осының нәтижесінде мүміннің жан тапсыруымен Қияметтегі сұрақ-жауабы жеңіл болады. Аллаһ Тағалаға шын жүректен иман келтірушілердің дүние тіршілігі мен Ақыретте мықты сөзбен осылайша бекітеді.

«Жан тәсілім сәтінде мүмінге періштелер келіп оған Аллаһ Тағаланың рахметін тілеп, оны жәннатпен сүйіншілейді. Мүмін жан тапсырғаннан кейін періштелер оның жаназасына қатысып, адамдармен бірге ол үшін дұға етеді. Мүмін жерленгенде қабіріне кіріп отырады. Кейін мүмінге: «Раббың кім?» - делінеді.

- Раббым – Аллаһ Тағала.
- Пайғамбарың кім?
- Мұхаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын).
- Сен не деп куәлік бересін?
- Мен: «Аллаһ Тағаладан басқа құдай жоқ және Мұхаммад Аллаһтың Елшісі» - деп куәлік беремін.

Осы кезде мүміннің қабірі көзжетерліктей шалғайлыққа кеңейеді.

Ал өлім халінде жатқан кәпірге періштелер түсіп кәпірді ұрады. Аллаһ Тағала осыған қатысты: «Періштелер кәпірлердің беттері мен арқаларын ұрып» - деген. Періштелер кәпірдің қабіріне кіріп, отырады. Кейін кәпірге: «Раббың кім?» - делінеді. Кәпір оларға бірдеңе деп жауап қайтара алмайды. Себебі, Аллаһ Тағала кәпірге жауапты ұмыттырып қойған.

- Саған жіберілген Пайғамбар кім? – делінгенде, кәпір оларға бірдеңе деп жауап қайтара алмайды. Себебі, ол

Пайғамбарға ермеген еді. Осылайша «Аллаһ Тағала залымдарды адастырады»

Хадисті Абдуллаһ ибн Аббастан риуаят етті. Ибн Касир Мұхтасар Тәфсірі. 2 том. 298-299 беттер. Бейрут 1981 жыл.

«Періштелер кәпірлерді беттері мен арқаларына темір шоқпармен ұрып, жандарын алғанда кәпірлердің жағдайы қандай? Бұл олардың Аллаһ Тағаланың наразылығын тудыратын нәрселерге еріп, Оның ризалығын жеккөргендіктен. Осылайша Аллаһ Тағала олардың амалдарын жоққа шығарады», Мұхаммад сүресі, 27-28 аяттар.

Расында, біз аятта айтылғандай, көп жағдайда Аллаһ Тағаланың емес, нәпсі мен лағынеті шайтанның айтқанымен жүріп кетеміз. Мысалы, жаңа үйге кіргенде алдымен молданы шақырып, оған Құран оқытып, құдайы жасаймыз да, соңынан арақпен сауабымызды жуып шаямыз. Жастардың некесін мұсылманша қиып, артынша арақ ішіп, жастарға тілек айтамыз. Құдалық пен тойда құдаларды ішімдікті суша сапырып күтеміз. Кейін Аллаһ Тағаланың қаһарына лайық болып, лағынеті шайтан үшін аса қадірлі болған «шамалы ғана» қызу құдекен, қолына жүз граммдық стаканды ұстап тұрып: «Тойларың құтты болсын» - деп тілек айтады. Ал шын мәнінде тойларың емес, «Мына Аллаһ Тағаланың харам еткен нәрсесін ішіп, мойындарыңа алған азаптарың құтты болсын!» - деп тілек айтып тұрғанын сезер ме екен байғұстар? Негізінде, бұл жерде тойларың емес, «Мына Аллаһ Тағаланың харам еткен нәрсесін ішіп, мойындарыңа алған азаптарың құтты болсын!» - деп айтар болса сол жарасар еді.

Осының барлығы, біріншіден – түсінбеушілік, екіншіден – дінге деген күпірлік пен екіжүзділіктің салдарынан болатын нәрсе.

Түсінбеушілікпен істеген күнәні тәубеге келсе Аллаһ Тағала кешіреді. Ал біліп түсініп тұрып істеген күнәні ше?

Көп жағдайда: «Бұл күнә ғой. Бұны неге істейсің?» - делінсе, біз: «Мен оны білмедім» - деп жауап береміз де, сол білмедім деген нәрсемізді айналып барып қайта істейміз. Сонда біз кім болғанымыз? Аллаһ Тағаланың харам деген нәрсесін өзімізге халал ететін кәпірміз бе, әлде сөзіміз амалымызбен қиыспайтын екіжүзді мұнафықпыз ба?!

Айтылған сөзге сәйкес келмеген осындай амал жүректі күйретеді. Имансыз жүрек Аллаһ Тағаланы зікір етпейді. Ал Аллаһ Тағаланы зікір етпеген жүрек өлі жүрекке айналады. Нәтижеде адам санасын иман емес, нәпсі билейді. Халал харамның айырмасы болмай қалады. Пенде күнәға ойланбай баратын болып, Аллаһ Тағаланың азабынан қорықпайды. Аллаһ Тағаланың емес, нәпсінің құлы болуы дегеніміз осы.

Көбінесе, адам баласын нәпсі мен шайтанға құл ететін нәрсе пайдасыз иман. Мысалы, ұрлық жасап тұрып Аллаһ Тағаладан пана тілеу немесе пара алып тұрып Аллаһ Тағаладан кешірім сұрау. Осы сияқты жағдайларда Аллаһ Тағаланы еске алудың не пайдасы бар?

Шайтан адам баласын азғырып: «сен қазақсың, демек, сен мұсылмансың. Адамдар: «Намаз оқы ораза ұста» -деп айта береді. Намаз оқымаса да, ораза тұтпаса да жүр ғой анау қанша адам» - деп сыбырлайды. Көп адам осы айтқанға еріп, Аллаһ Тағаланың әміріне қарсы келгенін сезбей қалады.

Осы нәрсе Аллаһ Тағалаға серік қосу, Қасиетті Құран Кәрім аяттарын жалғанға шығару және пайдасыз иман келтіру деп айтылады. Аллаһ Тағала осындайларға қатысты айтады:

«Олар жер жүзінде кезбеді ме? Сонда Бұрыңғылардың соңы не болмағын көрер еді. Олар өздерінен кейінгілерден көп және күшті, әрі жер жүзінде қалдырған деректері (салған сарай, ғимараттары) мықты еді. Сонда да табыстары (лауазым, атақ, мал дүниелері) Аллаһ Тағаланың азабынан құтқаруға жарамады. Өйткені оларға Аллаһтың Елшілері ашық дәлелдермен келгенде, олар өз білімдеріне мардамсыды да, Қиямет күні туралы дәлелдерді мазақ етіп, жоққа шығарды. Сол мазақ етіп күлген нәрселері (яғни, өлім және Қиямет азабы) бастарына жетті. Сол азабымызды көргенде: «Біз Аллаһ Тағала жалғыз деп иман келтірдік. Аллаһ Тағалаға серік еткен нәрселерімізден бас тарттық» - дейді. Бірақ азабымызды көргендегі бұл сенімдері оларға пайда бермейді», *Ғафир сүресі, 82-85 аяттар.*

Осыған мысал ретінде Ферғауынның оқиғасын келтірсе болады.

«Ферғауын қоластындағы халық, әскер, сиқыршыларын жинап: «Мен сендердің ең үлкен Раббыларыңмын!» - деді. Осындай дәрежедегі күпірлік және тәкаппарлығы салдарынан Аллаһ Тағала Ферғауынды Ақырет және дүние азабымен қолға алды», *Назигат сүресі, 23-25 аяттар.*

Аллаһ Тағаланың азабына душар болған Ферғауын жалғыз болған жоқ. Жаратушысын есінен шығарып, кейінгісін кейін көре жатармыз деген Ферғауынның нөкерлері де өздірінің жасанды құдай патшаларының тағдырына ортақтасты.

Күпірліктері себебінен Ферғауын өз сыбайластарымен теңізге батырылды. Ферғауын өлер алдында тәубесіне келіп:

«Мен Исраил (Яғқуб пайғамбар) ұрпақтары иман келтірген құдайдан басқа құдай жоқтығына иман келтірдім. Мен де мұсылманмын» - деді», *Юнус сүресі, 90 аят.*

Бірақ бұл тәубесі оған пайда бермеді.

«Енді ғана иман келтірейін дедің бе? Расында сен бұрын Аллаһ Тағаланың әмірлеріне қарсы келген бұзақылардан едің», *Юнус сүресі, 91 аят.*

«Енді үлкен Қияметке дейін Ферғауын сияқтылар кіші Қияметтің азабын тартады. Олардың жандары тәңертең және кешке отқа салынады. Ал Қиямет қайымда, яғни, үлкен Қияметте, олардың жандары денелерімен қоса жаһаннамға тасталады». Ибн Касир Мұхтасар тәфсірі. 3 том. 245 бет. Бейрут 1981 жыл.

«Ферғауындықтарды сүркей азап баурап алды. Олар ертелі-кеш (тәңертең және кешке) отқа ұсынылады (Кіші Қиямет азабын көреді). Ал Қиямет қайым (Үлкен Қиямет) болған күні: «Ферғауындықтарды ең қатты жаһаннам отына тастандар!» - делінеді», *Фафир сүресі, 45-46 аяттар.*

«Бір яһуди әйел Айша анамызға келі: «Аллаһ Тағала қабір азабынан сақтасын!» - деді. Осыдан кейін Айша анамыз Аллаһтың Елшісінен қабір азабы жайында сұрағанда, Ол кісі: «Иә, қабір азабы болатыны рас» - деп жауап берді. Айша анамыз: «Осыдан кейін Аллаһтың Елшісі намаз оқығанда Аллаһ

Тағаладан қабір азабынан пана тілегенін көретін едім» - деді», хадисті Имам Бұхари риуаят етті.

«Аллаһтың Пайғамбары: «Мұсылман немесе кәпір қандай бір жақсылық іс істемесін, Аллаһ Тағала оған соның сауабын береді» - деді. Біз: «Я, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ Тағаланың кәпірге беретін сауабы қандай?» - дегенімізде, Ол кісі: «Ол біреуге рақымдылық етіп, садақа беріп немесе бір жақсылық істесе Аллаһ Тағалаға оған дүние, денсаулық және басқа да осы сияқты нәрселермен сауабын береді» - деді.

- **Кәпірдің Ақыретте алатын сауабы қандай?**
- **Азабы жеңілдетіледі»,** хадисті Абдулла Масғудтан (оған Аллаһ разы болсын) Әбу Хаким және Баззар риуаят етті.

Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтады:

«Сендердің бірің дүние салғанда, оған азанда және кешке орыны көрсетіледі. Ол жәннатық болса жәннаттан, тозақтық болса тозақтан көрсетіліп: «Бұл Аллаһ Тағала сені Қиямет күнінен кейін жіберетін орны» - делінеді», хадисті Омар ибн Хаттабтан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари, Имам Муслим және Имам Ахмад риуаят етті.

Жалпы осы айтылғаннан: «Аллаһ Тағала қалаған пендесін, ол қабірге қойылғаннан бастап, Өз рахымына бөлеп немесе азапқа ұшыратады екен. Ал жерленбеген, мысалы, отқа жанып, құл болып немесе суға кеткендердің мәселесі қалай болады?» - деген сұрақ пайда болады. Өте орынды сұрақ.

Бұл сұраққа жауап ретінде Ислам әлемінде осы мәселеде дәлел ретінде қолданылатын әдебиеттерден үзінділерді пайдалансақ болады.

«Лайық болғандар үшін қабір азабы мен рахаты болатындығы және екі періштенің сұрағы рас екендігі туралы Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көптеген мәлімет келген. Сол себепті бұл нәрсе иман мен көзқарасы талап етеді.

Қабір азабын Барзах азабы деп білгін. Жан тапсырғанның барлығы ол жерленген немесе жерленбеген болсын. Оны жыртқыш

андар жесін немесе отқа жанып, күл болып, ауаға бұрқыратылып жіберілсін, дарға асылсын немесе теңізге кетсін, ол өз күнәсіна қарай азап көреді. Азап оның жаны мен денесіне қабірде жатқанға жеткендей жетеді». Тахауи ақидасының шархы. Абдулғазиз Ибн Базз. 451-452 беттер.

Ибн Қайым айтады: «Жан тапсырғаннан кейін мәйіт рахат не азапта болады. Рахат немесе азап мәйіттің жаны мен денесіне жетеді. Жан денеден бөлінгеннен кейін, рахат немесе азапқа бөленген халде болады. Рух денемен ауық-ауық қосылады. Сол уақытта рухпен бірге денеге де рахат немесе азап жетеді. Үлкен Қиямет болған уақытта адамдардың жандары денелеріне қайтарылып, адамдар қабірлерінен тұрады». Ислам ақидалары Ас-Саид Ас-сабиқ 248 бет.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтады:

«Пенде қабірге қойылып, жерлеушілер оның басынан кетіп жатқан уақытта, мәйіт олардың аяқ дыбысын естиді. Кейін оған екі періште келіп, жанына отырып: «Бұл адам (яғни, Мұхаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туралы не деп айтатын едің?» - деп сұрайды. Мүмін: «Мен Оның Аллаһ Тағаланың құлы әрі Елшісі екеніне куәлік беремін» - деп жауап береді. Сол уақытта оған: «Тозақтан болған орныңа қарашы. Аллаһ Тағала оны жәннаттағы орынға ауыстырып қойды!» - делінеді де, мүмін жәннат және тозақтағы орындарын көреді.

Мұнафық пен кәпірге: «Бұл адам (яғни, Мұхаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туралы не деп айтатын едің?» - делінгенде, олар: «Білмеймін. Адамдар не десе мен де соны айтатын едім» - дейді. Сол уақытта оған: «Сен Мұхаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Пайғамбар екенін білмедің және Оған ермедің» - делінеді де, періштелер оны темір балғамен ұрғанда, мәйіт жан дауысымен айқайлайды. Ол айқайды қабірдің жанындағылардың барлығы естіп, тек адам баласы мен жындар естімейді», хадисті Анас ибн Маликтен (оған аллаһ разы болсын) Имам Бұхари және Имам Муслим риуаят етті.

«Аллаһтың Пайғамбары (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) екі қабірдің жанынан өтіп бара жатып: «Бұл екі қабірде

жатқан мәйіт үлкен күнә үшін азапталуда» - деді. Сонан соң: «Иә, бұлардың бірі өсек-аян және жала жабумен басы әлек болған болса, енді бірі дәрет сындырғанда несебінен сақтанбайтын еді» - деп, құрманың бұтағын алып, екі бөліп, оның әр бірін қабірдің басына қадап: «Мүмкін осы құрма өсіп қурағанша, олардың азаптары жеңілденер» - деді», хадисті Абдулла ибн Аббастан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари және Имам Муслим риуаят етті.

Бұл хадис қабірде тек кәпір мен мұнафық емес мұсылман да азапталуы мүмкін екендігіне дәлел. Бұл жағдайда, біз мұсылман ретінде қайтқан адамның жарылқауын тілеп Аллаһ Тағаладан дұға жасау Құран және садақа беріп осы нәрсе қабірде жатқан мәйіттің жағдайы жақсаруына себеп болады деген ниетпен, сауабын мәйіттердің рухына бағыштаса болады.

Қайтқан адамға тек қана үш нәрсе пайда береді. Ол: оған қылынған дұға, оның өмірі кезінде істеп кеткен жақсылығы. Мысалы: емхана, мектеп, мешіт сияқты нәрселерді салған болса. Үшіншісі: адамдарға пайда беретін білім тасталған болса, осылардың сауабы оған тиеді.

Қайта тіріліп, жауап үшін жиналу

«Сұр үрленген күні, Аллаһ Тағала қалағанынан (яғни, Жәбраил, Микаил, Жан алушы періштеден) басқа: көктер мен жерде болғандар үрейленеді», Намл сүресі, 87 аят.

Құран Кәрімде Қиямет қайым (үлкен Қиямет) болар алдында сұр үрілетіндігі жайында айтылған (қара. Ибн Касир Мұхтасар тәфсірі, 2 том, 684 бет, Имам 97-98 бет).

«Мына фәни дүниенің соңғы кезінде адам баласы азғындыққа түсіп, ізгілікті есінен шығарып, жамандыққа қарай ұмтылады. Лағынеті шайтан күшіне еніп, адамдарға: «Менің айтқаным жүрмейсіңдер ме?» - дегенде, адамдар: «Сонда сен бізге нені айтасың?» - дейді.

Лағынеті шайтан оларға аруақ, мүсін, сурет сияқты жасанды құдайларға құлшылық етуді айтады. Адамдар ақиқат құдайларын

естерінен шығарып, харамды халал етіп, фәни дүниенің алданыш рахатына молынан ләзаттанады. Осы кезде Аллаһ Тағаланың әмірімен Исафил (оған Аллаһтың сәлемі болсын) сұр үрлейді.

Адамдар, соның ішінде кәпірлер қатты шошынып үрейленеді. Себебі, олар сұрақ-жауап, оның соңынан жаза болатынын естерінен шығарған еді», хадистің жалпылама мағынасы. Хадисті Абдулла Ибн Әмрден (оған Аллаһ разы болсын) Имам Муслим риуаят етті.

«Сұр үрілгенде Аллаһ Тағаланың қалағанынан басқа көктер мен жердегі жан иелері өледі», Зумар сүресі, 68 аят.

«Сұр үрлегенде барлық мақұлық, ал мақұлықтың ішінде ең соңғысы болып жан алушы періште жоқ болады. Бүкіл әлемде жалғыз Аллаһ Тағала қалады. Осы кезде Аллаһ Тағала үш мәрте: «Бүгінгі күннің билігі кімде?» - дейді де, Өзіне Өзі: «Барлығын билеп-төстеуші, Жалғыз Болушы Аллаһ Тағалада» - деп жауап береді. Сонан соң ең алдымен Исафил (оған Аллаһтың сәлемі болсын) періштені қайта жаратып, оған Сұрды екінші рет үрлеуді бұйырады.» (қара. Ибн Касир Мұхтасар тәфсірі, 3 том, 229 бет. Бейрут, 1981 жыл).

«Сұр екінші үріліп барлық мақұлық тұрған бойда: «Бізге не болды?» - деп қарап қалады», Зумар сүресі, 68 аят.

«Сұр үрленерде Аллаһ Тағала барлық адамның рухы Сұрға салынуын әмір етеді. Осыдан кейін Аллаһ Тағаланың әмірімен Исафил (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Сұрды үрлейді. Сұрдан адамдардың жандары жарқылдап шыға бастайды. Мүміндердің жаны нұрланған, ал кәпірлердің жаны қара түсті болады.

Сол уақытта Аллаһ Тағала «Менің құдіреттілігім және ұлықтығыммен әрбір рух өз денесіне қайтарылады» - дейді.» (қара. Ибн Касир Мұхтасар тәфсірі, 2 том, 685 бет. Бейрут, 1981 жыл).

Осылайша денелерге жан берілгеннен кейін Аллаһ Тағала құдіретімен адамдар қабірлерінен шығарыла бастайды.

«Сол уақытта кәпірлермен мұнафықтар: «Әттең-ай, бізді жатқан жерімізден кім тұрғызды?» - дейді», Ясин сүресі, 52 аят.

«Ал мүмін: «Міне Мейірімді Аллаһ Тағаланың уәдесі. Пайғамбар да шын айтқан» - дейді», *Ясин сүресі, 52 аят.*

Аллаһ Тағала айтады:

«Әлбетте Қиямет күні болады. Онда күдік жоқ. Күмән жоқ, Аллаһ Тағала қабірдегілерді тірілтеді», *Хаж сүресі, 7 аят.*

«Ол күн иман келтіріп, ізгі амал істегендерге сыйлық берілуі үшін. Міне солар үшін Аллаһ Тағаланың жарылқауы мен жәннаттан жақсы несібе бар. Ал аяттарымызды (Құран Кәрімді) жалғандыққа шығаруға тырысқандарға бейнетті азап бар!», *Сәба сүресі, 4-5 аяттар.*

Істеген амалдары үшін есеп беру

«Қиямет күні мүмін мен кәпірлерді, бірін қалдырмай жинаймыз. Олар Раббыңның құзырында есеп беру үшін қатар-қатар болып келтіріледі. Оларға: «Әуеліде жаратқанымыздай келдіңдер. Ей, кәпірлер! Біз сендерді қайтаратын бір уәделі мерзім белгілемедік деп ойладындар ма?» - делінеді. Әрбір пенденің амал дәптері (мүміндікі оң, ал кәпірдікі сол жағынан) алдарына қойылады. Сонда күнәһарлардың оның ішіндегі нәрседен қорыққанын көресін. Кәпірлер: «Апырым-ай, бізге нендей өкініш! Мына кітапта күнәларымыздың кішкенесі де үлкені де тастамай көрсетіліпті» - дейді», *Каһф сүресі, 47-49 аяттар.*

«Сұр бірінші рет үріліп, жер мен таулар көтеріліп, соғылып күйреген сәтте. Міне сол күні көк жарылып, босайды. Періштелер көктің атырапында болады. Раббыңның ғарышысын сегіз періште үстеріне көтереді», *Хаққа сүресі, 13-17 аяттар.*

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтады:

«Қиямет күні Аллаһ Тағала сендердің әрбіріңді сөйлетіп, Аллаһ Тағала мен пенденің арасында тілшам болмайды», хадисті Ибн Хатимнан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари риуаят етті.

Аллаһ Тағала айтады:

«Әр адамның қылығын мойнына қоямыз. Сондай-ақ Қиямет күні оның амалдары жазылған кітабін шығарамыз. Кітап оған ашылған түрде беріледі. Әр адамға: «Кітабінді оқы. Бүгін есеп беру тұрғысынан өз-өзіне куәгер боласың!» - делінеді», *Исра сүресі, 13-14 аяттар.*

«Амал дәптері оң жағынан берілген жеңіл жауапқа тартылып, ол үй-ішіне қуанып қайтады. Амал дәптері арт жағынан берілген дереу өлім тілеп, қайнаған тозаққа түседі. Өйткені, ол осы дүниеде мәз-мейрам еді. Негізінде ол, Аллаһ Тағалаға қайтпаймын деп ойлады», *Иншикак сүресі, 7-14 аяттар.*

«Мухаммад: «Сендерді Аллаһ Тағала тірілтіп, кейін өлтіреді. Сосын болуында күмән болмаған Қиямет күніне жинайды. Бірақ адамдардың көбі бұны білмейді» - де! Көк пен жердің иелігі Аллаһ Тағалаға тән. Қиямет-қайым болған күні, иә, сол күні бұзықтар мен Қиямет күніне сенбегендер зиянға ұшырайды. Мухаммад! Сол күні әр үммет амал дәптеріне шақырылады да: «Бүгін қылмыстарыңның жазасы беріледі. Бұл кітабымыз сендерге шындықты сөйлейді. Өйткені, Біз сендердің істегендеріңді жаздырушы едік» - делінеді», *Жасия сүресі, 26-29 аяттар.*

Осылайша адамдарға амал кітаптары ұсынылған соң, есептің өзі басталады. Әрбір пенденің істеген амалына және сол амалдың дәрежесіне қарай жауап алынып, жазасы беріледі.

«Қиямет күні туралық таразысын қоямыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Бір ұрық түйірінің салмағындай амалдың өзін таразыға саламыз!», *Әнбия сүресі, 47 аят.*

«Жер сілкініп қозғалып, жер ішіндегі жүгін шығарып, адам баласы: «Бұған не болды?» деген сәтте. Сол күні Раббыңның оған білдіруімен жер оқиғасын түсіндіреді. Сол күні, адам баласы, амалдары көрсетілуі үшін топ-топ болып келеді. Сонда кім тозақ түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. Ал және кім тозақ түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді», *Зилзала сүресі.*

«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Сендер жер қандай оқиғасын түсіндіретінін білесіңдер

ме?» - дегенде, сахабалар: «Аллаһ Тағала және Оның Елшісі жақсы біледі» - деп жауап берді.

- Оның оқиғасы – әрбір құл немесе үмметтің жер бетінде істегені. Жер: «Ол мына істі мына күні істеді» - деп куәлік береді. Оның оқиғасы осы», хадисті Әбу Һурайран (оған Аллаһ разы болсын) Имам Ахмад, Имам Тирмизи және Имам Насаи риуаят етті.

Қиямет күні жермен бірге куәлікке дене мүшелері де өтеді:

«Қиямет күні Аллаһ Тағаланың дұшпандары тозаққа айдалуға жиналып, сонда олар алды-артын тосады. Ақыры олар тозаққа барған кезде, құлақ, көз, терілері олардың не істегендеріне куә болады. Олар: «Бізді әр нәрсені сөйлетуші Аллаһ Тағала сөйлетті. Ол сендерді алғаш рет жаратқан және сол жаққа қайтарыласыңдар» - деп жауап берді. Сендер Қияметке сенбеу себебінен өздеріңе құлақ, көз және терілерің куә болатынын ойламай күнәларыңды ашықтан-ашық істеуші едіңдер. Тіпті Аллаһ Тағала істегендеріңнің көбін білмейді деп ойлаушы едіңдер!», *Фуссылат сүресі, 19-22 аяттар.*

Жалпы алғанда Қиямет күні адам баласының істегеніне он бір нәрсе куәлік береді. Ол: тіл, қол, аяқ, көз, құлақ, тері, жер, түн, күндіз, періштелер, мал дүниесі (қара. Ад-Дину Аль-Холис. 1 том. 105 бет).

Таразы

Амалдардың сұрақ-жауабы біткеннен кейін әділдік үшін пенденің амалдары таразыға тартылады.

«Қиямет күні туралық таразысын қоямыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Бір ұрық түйірінің салмағындай амалдың өзін таразыға саламыз!», *Әнбия сүресі, 47 аят.*

«Қиямет күндегі таразылау – әділдік өлшемі. Таразысының жақсылық жағы ауыр тартқандар – азаптан құтылушылар. Ал енді таразысының жақсылық жағы жеңіл болғандар (яғни, жақсылық жағы жеңіл болып, жамандық жағы ауыр болса),

аяттарымызды жалғанға шығарулары себепті, өздері-өздеріне зиян етушілерден болады», *Азраф сүресі, 8-9 аяттар.*

«Амалдар таразыға салынған уақытта біреудің таразысы жақсылықпен ауыр тартса, ол разы болатын бір жәннатта болады. Ал енді кімнің таразысы жақсылықпен жеңіл тартса (яғни, жаманшылығы көп болса), оның орны «хауия» (тозақтың аты) болады!», *Аль-Қариға сүресі, 6-9 аяттар.*

Амалдар таразыға салынып, есеп біткеннен кейін әрбір пенденің амал дәптері қолына беріледі. Амал дәптері қолға үш жақтың бірінен беріледі: оң, сол немесе арқа жағынан.

Амал дәптері оң жағынан берілген пенде жәннатты болғанын түсініп қуанышқа бөленеді. Амал дәптері сол немесе арқа жағынан берілген пенде тозаққа баратынын біліп қайғыға түседі.

«Қиямет күні сұраққа тартыласыңдар, еш нәрселерің жасырылмайды. Кімнің кітабы оң жағынан берілсе, ол: «Амал дәптерімді алып, оқыңдар! Расында мен осы есепке кездесетінімді ойлап, жақсы амал қылып, дайындық жасаған едім!» - дейді. Сонда ол қуанышты тіршілікте, жоғарғы жәннатта болады. Оған жәннаттың жемістері жақын салбырап тұрады. Жәннатағыларға: «Өткен дүниеде істеген ізгі амалдарыңның арқасында ішіп-жендер!» - делінеді. Ал амал дәптері сол жағынан берілген: «Өттеген-ай! Амал дәптерім берілмесе еді. Есебімнің қандай екенін білмесем екен. Өттең-ай! Іс бітіп кеткен болса еді (яғни, қайта тірілсем еді). Жинаған дүнием маған еш пайда бермеді. Күш-қуатым жойылып кетті!» - дейді. Жаһаннамды қорғаушы періштелеріне: «Оны ұстап, байлаңдар да лаулаған тозаққа салыңдар! Одан кейін оны жетпіс құлаш шынжырмен матандар!» - делінеді», *Хаққа сүресі, 13-32 аяттар.*

Сырат көпірінен өту

Сырат көпірі – тозақтың үстіндегі жол. Есеп бітіп, амалдар таразыға салынғаннан соң барлық адам сыраттан өту сынағына салынады.

«Барлығың сырат көпірінен өтумен сыналасыңдар. Бұл Раббың тарапынан тұжырымды, міндетті бір үкім. Сонда тақуа (күпірлік пен ширк амалынан таза) болғандарды құтқарып, залымдарды (кәпір, мушрик және мунафықтарды) тозаққа жүгіндіріп қоямыз», Марьям сүресі, 71-72 аяттар.

«Сыраттан өту сәтінде әрбір пенде өзінің иманымен істеген амалының ықпалын көреді. Яғни, пенде Аллаһ Тағаланың дініне деген ықыласына қарай сырат көпірінен жеңіл немесе қиналып өтеді. Кәпір, мушрик және мунафықтар сыраттан өте алмай, тікелей тозақ отына түседі». Тахауи ақидасының шархы, 470 бет. Уасатия ақидасы және оның шархы, Мухаммад Халиль Өль-Харрас, 126 бет.

Мұнафықтарға қатысты ғұламалар былай дейді:

«Мұнафықтар мүміндер тобында қалады. Себебі, олар екіжүзділіктерін мына дүниеде жасырғандай, Ақыретте де жасыруға тырысады. Ақыретте мұнафықтар мүміндердің арасында болып, олардың имандарының нұрымен жол тауып, сыраттан өтуге тырысады. Бірақ Аллаһ Тағала мүміндер мен мұнафықтардың арасын перде жасап, мұнафықтарды мүміндердің нұрынан айырып, тозақтың ең төменгі қабатына тастайды», жалпылама аударма. Сахих Муслимнің Науауи шархы, 3 том, 19 бет.

Жәннат пен тозақ

Жақсы мен жаман амалдың сауабы мен жазасы болғанындай, Аллаһ Тағала сауап және жазаға лайық пенделері үшін жәннат пен тозақты жаратқан.

Жәннат – Аллаһ Тағала Өзінің сүйікті пенделеріне әзірлеген орыны. Олар: Аллаһ Тағаланың барлығы мен жалғыздығына иман келтіріп, Оның әмірлеріне итағатта бойұсынуда болғандар.

Аллаһ Тағала айтады:

«Иман келтіріп, ізгі амал істегендер жаратылғандардың жақсысы. Олардың Раббыларының қасындағы сыйлықтары – астынан өзендер ағатын Ғадн жәннаттары. Олар онда мәңгі қалып,

Аллаһ Тағала олардан, ал олар Аллаһ Тағаладан разы болады. Осы сыйлық Раббысының азабынан қорыққан пендесі үшін!», *Байина сүресі, 7-8 аяттар.*

Тозақ Аллаһ Тағаланың барлығы мен жалғыздығына иман келтірмей, Оның әмірлеріне қарсы келгендер үшін дайындалған орын.

«Мухаммад! «Бұл ақиқат (яғни, Құран Кәрім) Раббыларыңнан!» - де. Сонда кім қаласа сенсін, кім қаласа қарсы келсін. Расында Біз кәпірлер үшін дуалдары қоршап алатын тозақ отын әзірледік. Егер олар су сұрап жалынса, еріген кен тәрізді, оған жақындағанда беттерді қуыратын су беріледі. Ол қандай жаман сусын және қандай жаман орын», *Каһф сүресі, 29 аят.*

Жәннат пен тозақ мәңгі.

«Мүміндер жәннатта мәңгі қалады!», *Бәйина сүресі, 8 аят.*

«Жәннатта олар шаршамайды және одан мәңгі шығарылмайды», *Хижр сүресі, 48 аят.*

«Кәпірлер тозақта мәңгі қалады», *Ниса сүресі, 169 аят.*

«Олар оттан шығуларын қалайды. Дегенмен олар одан шыға алмайды. Расында, олар үшін мәңгі азап бар», *Мәида сүресі, 37 аят.*

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтады:

«Жәннат тобы жәннатқа, ал тозақ тобы тозаққа қарай жүрген уақытта, өлім жәннат пен тозақтың арасында келтіріліп бауыздалады (жойылады). Кейін жаршы: «Ей, жәннат тобы! Өлім жоқ етілді. Ей, тозақ тобы! Өлім жоқ етілді» - деп жар салады. Сол уақытта жәннат тобы қуанғанның үстіне қуанып, тозақ тобы қайғырғанның үстіне қайғыра түседі.», Фатхуль-Бари 11 том, 351 бет.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жәннатың нығметтері жайлы:

«Онда көз көрмеген, құлақ естімеген, адам баласының ойына келмеген нәрселер бар!» - деген. Хадистен үзінді. Хадисті Сахл Инб Саадтан (оған Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари риуаят етті.

«Жәннат тобы жәннатқа кірген уақытта жаршы: «Сендерге мәңгі тіршілік болып, жан тапсырмаңдар! Дендерің сау болып, ешқашан ауырмандар! Әр дайым жас болып, қартаймандар, рахатта болып, жаманшылық көрмеңдер!» – деп жар салады», хадисті Әбу Сағидтен (оған Аллаһ разы болсын) Имам Муслим риуаят етті.

«Аллаһ Тағала жәннаттағыларға: «Ей, жәннаттағылар!» - дегенде, олар: «Раббымыз! Біз Сенің алдындамыз. Жақсылық Сенің иелігінде!» - деп жауап береді.

- Сендер разысыңдар ма?
- Раббымыз, біз разы болмағанда кім разы болады?! Өзің жаратқандардың біріне де бермеген жәннатты бізге нәсіп еттің.
- Мен сендерге одан да артығын берейін бе?
- Одан артық нәрсе бар ма?

Сол уақытта Аллаһ Тағала «Мен сендерге Өзімнің ризалығымды нәсіп еттім. Енді осыдан кейін Мен сендерге ешқашан ашуланбаймын!» - дейді», хадисті Әбу Сағид, Әбу Хурейрадан (екеуіне Аллаһ разы болсын) Имам Бұхари және Имам Муслим риуаят етті.